

● ПРЕЗИДЕНТ

БІРЛІГІ МЫҒЫМ ЕЛДІҢ РУХЫ МЫҚТЫ

Мемлекет басшысы отандық телеарналарға сұхбат беріп, ағымдағы жылдың басты қорытындыларына тоқталды. Тарих қойнауына енгелі тұрған жылдың басты оқиғаларына назар аударып, елді толғандыратын мәселелер жайында ашық әңгіме өткізді.

Елбасы жалпылама алғанда ағымдағы жылдың еліміз үшін тұрақты болғанын, дегенмен қиындықтар бар екенін айтты. Азаматтардың әлеуметтік жағдайы нашарлап кетпеуі үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылатынын жеткізді.

Сұхбат барысында Президент Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтіп, бабалар ерлігін ұрпақ жадында қалдыру үшін үлкен іс

тындырылғанын айтты. Елбасы келер жылдан бастап бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жалақысы көбейетінін, соның ішінде мұғалімдер мен дәрігерлердің, «Б» корпусы мемлекеттік қызметкерлерінің жалақысы артатынын айтты. Сонымен қатар дағдарысқа қарамастан, зейнетақы мен шәкірताқы деңгейі де артады. «Бұның бәрі азаматтарды дағдарыс салдарынан сақтау үшін жасалуда», - деді Елбасы.

Нұрсұлтан Назарбаев Астана келбетіне қарағанда ерекше сезімге бөленетіндігін айтып, «Астанаға көз салған әр сәтінде де ерекше сезімге бой алдырамын, тіпті өз көзіме өзім сенбеймін десем де болады. Міне, осы қазір біз отырған жерде 2004 жылы қамыс қаулау өсіп тұрған еді. Есілдің бұрылар тұсы,

Ақорда тұрған жер батпақ, адам бойынан асатын қамыс өскен және иен дала, ештеңе жоқ еді», - деді.

Мемлекет басшысы биылғы жылы Қазақстан ДСҰ-ға енгенін, Парламенттің қауырт жұмыс істегенін, патриоттық еліңді мқтау ғана емес, оның кемшілігін көріп, оны түзетуге талпыну екенін атап өтті.

Сонғы уақытта көп талқыланып жүрген шетелдердегі қандастардың елге оралуына қатысты «Мен олардың көбірек келгенін қалаймын. Қазір жағдай қиындау болғанымен, дегенмен де көмектесіп жатырмыз. Сондықтан бұл бағыттағы саясат өзгермейді», - деп ой түйді Президент.

Елбасы баланы бейіміне қарай оқытса, ол өмірдегі дара жолын табатынын, ата-

аналар соны демеп жіберу керектігін айтты. Байқоңырдың болашақ тағдыры, «Протон» зымыраны туралы сұраққа «Сол жағдайдан кейін біз Ресеймен келіссөз жүргізіп, егер де ондай оқиғалар тағы қайталанатын болса, Ресей жағы апат шығынын төлейді деген келісімге келді. Сондықтан енді ол зымыран құласа, шығынын Ресей өзі төлейді, «Протон» құлаған жерді өзі тазалайды» деп мәлім етті.

Елбасы «Біз – ат төбеліндей қазақпыз. Біз түріктер секілді 80 миллион, орыстар сияқты 140 млн емеспіз. Еуропаның көптеген елінен азбыз. Өркен дегенде он-он бір миллионға жеткен қазақты қырық руға жіктейтін болсақ, онда ел болмаймыз» деді. Тарихтан сабақ алып, бірлік болған жерде ғана, тірлігіміз тұзу болатынын айтты.

● VI «БАЙҚОҢЫР» ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМЫ

АЛТЫНШЫ ФОРУМ: ӘЛЕМГЕ АШЫЛҒАН ЕСІК

Кеше Қызылордада VI «Baikounur Invest» инвестициялық форумы өз жұмысын бастады. Дәстүрлі форумға әлемнің 12 елінен 300-ден астам бизнес қауымдастықтары мен қаржы институттарының өкілдері, инвесторлар қатысуда. Дәлірек айтсақ, Ресей, Венгрия, АҚШ, Корея, Польша, Германия, Италия, Ұлыбритания, Түркия, БАӘ, Иран, Филиппин елдерінен келген мамандар мен кәсіпкерлер аймақтың инвестициялық ахуалына қызығушылық танытып отыр.



● ЫНТЫМАҚ

ДОСТЫҚТЫҢ ДӘНЕКЕРІ – “ДОСТЫҚ ҮЙІ”

Жексенбі күні Қызылорда қаласында “Достық үйі” салтанатты жағдайда ашылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясындағы айтулы шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Ералы Тоғжанов, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Анатолий Петренко қатысты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жылында Сыр өңірінде де толымды жұмыстар жүзеге асырылды. Облыстық Ассамблея хатшылығының үйлестіруімен этносаралық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған игілікті істер, сондай-ақ қайырымдылық шаралар ұйымдастырылған. Осы шараларға қатысқан 43 мың 700 адамның 36,5

мыңына 103 млн. 660 мың теңгенің көмегі жасалған.

«Достық үйінің» алдында мыңға жуық жоғары және орта арнаулы оқу орындары студенттерінің қатысуымен флеш-моб ұйымдастырылды.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Ералы Тоғжанов, аймақтың ҚХА мүшесі Ғалия Ғизатуллина ғимарат лентасын қиғаннан кейін, меймандарды ақ жаулықты әжелер шашу шашып, қарсы алды. Бұдан соң екінші қабатқа орналасқан конференц-залдағы көрме таныстырылды. Онда әр этностың ерекшелігін көрсететін бұйымдар қойылған.

Салтанатты жиында облыс әкімі Қ.Көшербаев жұртшылықты “Достық

үйінің» ашылуымен құттықтап, Ассамблея жылында белсенділігімен көзге түскен бірқатар азаматтарды марапаттады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Ералы Тоғжанов, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Анатолий Петренконың құттықтауларынан кейін мерекелік шара этномәдени орталықтар көркемөнерпаздарының концертіне ұласты.

Бұрынғы Ы.Алтынсарин атындағы кинотеатр ғимаратын қайта жөндеуден өткізіп, “Достық үйіне” тарту еткен “Қыран” ЖШС бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Жайсаң Сыздықов.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» ЕМЕС

Халқымыз сұңғыла перзенті, қайраткер қаламгері, парасатты кеменгерінен айырылды.

Қабырғамыз қайысып, жүрегіміз езіліп тұр...

Тарихымыз бен мәдениетімізді әлемдік өркениетпен байланыстырған телгей теңіз білім иесі еді. XX ғасырдағы жүз әлем ойшылдарының қатарына кірген жазушы Кекілбаевтың мұрасы – ұлттық интеллектуалдық қазынаға айналды.

Ол шығармаларының кейіпкерлерімен бірге өмір бойы аңсаған «азаттықтың ақ таңын» халқымен бірге, жүрегі жарыла қарсы алды. Қалған өмірі мен бар болмысы сол тәуелсіздіктің тұғырын бекітуге аямай жұмсады.

Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасының сенімді серігі бола білді.

Әбекең – көзінің тірісінде-ақ заңғар жазушы, ойға кенен парасат иесі ретінде мойындалған сирек тұлғаның бірі. Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт, ажалдың алдын алған Қожа Ахмет Ясауи, жеруықты іздеген Асан қайғы, халқының кемелдігін аңсаған Абай, елін әлемдік өркениетке жетелеген Мұхтар Әуезов. Бұл қатарға ҚАЛАМЫМЕН ҒАЛАМҒА ІЗГІЛІК ТІЛЕГЕН Әбіш Кекілбаев та қосылады.

Бүгіннен бастап, Ол – ұрпақты жебеген бабасы Қорқыт, атасы Пір Бекеттей ұлтына ұран болары кәміл! Бұл, әсте, «АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» емес, талай аңызға арқау болар Абыздық өмірдің басы ғана.

Ардақты Әбіш аға!

Сіз жұртыңыздың жүрегінде, еліңіздің есінде мәңгі жасайсыз.

Бақұл болыңыз, ұлағатты ұстаз, аяулы ақылшы аға!

Қ.КӨШЕРБАЕВ.



● “ПАРЫЗ – 2015”

“ПАРЫЗ” СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

“Парыз-2015” конкурсының “Әлеуметтік жауапкершілігі ең жоғары кәсіпорын” аталымы бойынша екі бірдей қызылордалық компания жеңімпаз болып танылды. Ірі кәсіпкерлік нысандарының арасында Серікжан Сейтжанов басқаратын «Саутс-ойл» серіктестігі жүлдегер атанса, орта және шағын кәсіпкерлік нысандары бойынша Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерәліевтің басқаруындағы “Абзал және К” компаниясы тағы бір мәрте осы биіктен көрінді. “Тағы бір мәрте” деп отырамыздың себебі бар. 2011 жылы аталған компания нақ осы аталым бойынша алғашқы орынды иеленген болатын. Ал “Парыз” конкурсына 2009 жылы тұңғыш рет қатысқан “Абзал және К” толық серіктестігі “Үздік әлеуметтік жоба” аталымы бойынша үшінші орын жүлдегері атанған еді.



“Парыз” сыйлығының шағын кәсіпорындарға берілетін алтын мүсінін лауреаттарға Премьер-министрдің орынбасары Дариға Назарбаева тапсырды. Сыйлық серіктестік директоры Абзал Ерәліевке табысталды. Айта кетейік, “Абзал және К” компаниясы Сырдария ауданындағы екі бірдей ауыл – Н.Лисов және Бесарық елді мекендерін дамытуға, яғни білім беру, спорт, мәдениет және инфрақұрылым салаларын дамытуға сүбелі қаржы бөледі.

“Парыз-2015” байқауында отандық кәсіпорындар арасында топ жарған жерлестерімізді құттықтаймыз!

ТОЛАҒАЙЛАР ТАРТУУЫ

Сенбі күні Грозный қаласында РФ Президентінің Кубогы үшін өткен бесінші халықаралық турнирде бақ сынаған Илья Ильин 2 мәрте әлем рекордын жаңартты. Ауыр атлетикада ерлер арасындағы 105 келіге дейін салмақта өнер көрсеткен Толағаймыз осылайша өзінің бабында екенін көрсетті.



Илья алғашқы жұлқа көтеру сайысында 191 келіні бағындырып, бірінші орынға табан тіреген болатын. Ал екінші жаттығуда ол алғашқы мүмкіндігінде-ақ қарсыластарынан оқ бойы озып, 231 келіні бағындырды. Осыдан кейін алтын медаль Ильяның қанжығасын майлаған еді. Бірақ ол мұнымен тоқтамалды, тәуекелге барып бірден 246 келіге тапсырыс берді де оны еркін еңсерді.

Есте болса, өткен жылы Алматыда өткен әлем чемпионатында И.Ильин 242 келіні бағындырып, әлем рекордын орнатқан болатын. Арada бір жыл болмай-ақ даңқты жерлесіміз өз рекордын жаңартып отыр. Қосайсының нәтижесінде Илья 437 келі көтеріп жана рекорд орнатты. «Бұл жеңісімді елімнің Тәуелсіздік мерекесіне арнаймын», - делі толағай ұл. Дәл осы салмақ санатында жарыс жолына шыққан әлем чемпионы Александр Зайчиков жұлқа көтеруде 190, серпеге көтеруде 226 келіні бағындырды. Осылайша ол екі жаттығудың қорытындысында күміс медальді қанжығасына байлады. Ал тағы бір жерлесіміз 94 келіде бақ сынаған Рүстем Сыбай 378 (166+212) келіні еңсеріп, 4-орынды иеленді.

Нұрбек САҒАДАТ.

